

Елтаева М.

Шығыстану факультеті, аударма ісі, магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: moldiryeltayeva@gmail.com

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада ресми-іскерлік, экономикалық мәтіндерді аудару барысында кездесетін “дискурс” түсінігі қарастырылды. Қытай тіліндегі мәтіннің экономикалық дискурсына сай, институционалды дискурстың төрт белгілері (конститутивтілік, институционалды, өзгешелік, бейтараптылық), лексикалық құрылымның айтушының нақты бір экономикалық аймақтағы мақсатына байланысты өзгешеліктері қарастырылды. Ресми-іскерлік мәтіндерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару ерекшеліктері мен қиындықтары көрсетілді, сонымен қатар ресми-іскерлік, экономикалық мәтіндерді аудару үшін негізгі шарттар айтылды. Қытай тілінен қазақ тіліне экономикалық, ресми-іскерлік мәтіндерді сәтті аударудың негізгі ұтымды шарттарының бірі – аударылатын мәтінге сараптама жасау.

Түйін сөздер: қытай тілі, дискурс, экономикалық дискурстық институционалды белгілері, аударма, ресми-іскерлік аударма.

Yeltayeva M.

undergraduate, Faculty of oriental studies, Kazakh National University named after al-Farabi
Kazakhstan, Almaty, e-mail: moldiryeltayeva@gmail.com

Features of economic texts translation from Chinese into the Kazakh language

The paper considers basic definitions of “discourse” while translating official-business texts. On the example of economic texts in Chinese, was given the analyze in detail the four groups of signs of institutional discourse (constitutive, institutional, specificity, neutral), describes the differences in lexical structures used by speaker, depending on the intentions of a certain economic sector communication. It was distinguished the features of economic, official-business texts translation from Chinese into Kazakh, classifies the difficulties in translating the texts and outlines key conditions required for translation. One of important condition for successful translation of official-business and economic texts is the analysis of the source text.

Key words: Chinese language, discourse, institutional signs of economic discourse, translation, official-business translation.

Елтаева М.

магистрант, факультет востоковедения, Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: moldiryeltayeva@gmail.com

Особенности перевода экономических текстов с китайского языка на казахский язык

Рассмотрен термин “дискурс” при переводе официально-деловых текстов с китайского языка на казахский язык. На примере текстов экономического дискурса китайского языка дан подробный анализ четырех групп признаков институционального дискурса (конститутивность, институциональность, специфичность, нейтральность), также описаны отличия в лексическом составе, используемые говорящим в зависимости от намерений в определенной экономической ситуации. Выделены особенности и трудности при переводе официально-деловых текстов с китайского на казахский язык, и обозначены основные условия, возникающие при переводе. Одним из самых выгодных условий для осуществления успешного перевода экономических, официально-деловых текстов является анализ переводимого текста.

Ключевые слова: китайский язык, дискурс, институциональные переводы экономического дискурса, перевод, экономический перевод.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсан күні тәуелсіздік алған шағында, алғашқы тәуелсіздігімізді таныған мемлекеттердің қатарына – Қытай Халық Республикасы кіреді. Қазақстан мен Қытай 1992 жылы қаңтар айында дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, екі ел өз экономикалық қарым-қатынастарын одан әрі дамытты. Осы дипломатиялық қарым-қатынас орнатқалы бері, екі ел арасында өзара сауда-саттық байланыстары көркейе түсті.

Соңғы уақыттарда Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көптеген бағыттардағы қарым-қатынастың тереңдеуіне байланысты, Қазақстан мен Қытай компаниялары арасындағы, ең бастысы сауда-экономикалық бағытқа көп назар аударылады. Әлемдік нарықта Қытай Халық Республикасы экономикасы жүйелі түрде дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі екенін білеміз. Екі елдің сауда-саттық қарым-қатынастарын дамытуда банктердің де айтарлықтай үлесі бар. Кез келген мемлекеттің экономикасында ірі кәсіпорындар, шағын және орта кәсіпкерлікпен қатар мемлекеттің дамуының негізі – банк жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі екенін әлемдік практика көрсетуде.

Нарық экономикасы, шаруашылық жүйесі интеграциялану кезеңінде қаражат құрау мен оны пайдалану үрдісі әртүрлі экономикалық тұлғалар арасындағы әр қилы қарым-қатынастарға сәйкес дамиды. Ондай тұлғалар – халықтың өзі, одан кейін: мемлекет және банк, басқа қаржылық делдалдар.

Банктің мазмұны мен атқарылымы оның экономикадағы маңызын көрсетеді. Банктің маңызы оған жүктелген міндеттермен айқындалады. Банкке жүктелген міндеттер мыналарды қамтамасыз етеді:

– өндірістің үздіксіздігін және оны жеделдетуін қамтамасыз етуге керекті, бос ақша капиталды, ресурстарды шоғырландыру;

– ақша айналымын тәртіпке келтіріп, оны рационализациялау болып табылады (<https://massaget.kz/forum>).

Осыған байланысты, жоғары мамандандырылған синолог-аудармашыларға деген қажеттілік артты. Дәл осы синолог-аудармашылар көптеген Қытай елі мен Қазақстан арасындағы экономикалық, саяси мәселелерді шешуде үлкен рөл атқарады. Қазіргі заманға сай синолог-аудармашы жан-жақты білімді, Қазақстан мен Қытай Халық Республикасының заңнамаларын және жарғыларын білуі қажет.

Бұл тақырыпты алу себебім, өзім қазіргі таңда Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкінде қызмет жасаймын. Менің байқағаным, көптеген Банк жарғысы, келісім-шарттар, есептемелер орыс тіліне аударылады. Қазақ тіліне аударылған құжаттар саусақпен санарлықтай өте аз. Оның себебі қазақ тілінде білікті аудармашылардың жетіспеушілігінен. Ресми іс-қағаздарды аударудың өзі оңай іс емес. Аударма нақты әрі толық болуы қажет. Мысалы, Банк құжаттарын аудару кезінде банк терминдерін түсіне білу қажет.

Аударма барысы

Аударма кезінде «дикурс» деген түсінікпен кездесуге болады. Дискурс теориясы заманауи тіл білімінде белсенді дамып келе жатқан бағыт болып табылады. Дискурсты зерттеумен сонымен қатар психологтар, лингвистер, социологтар, этнографтар айналысады. Әр ғылым дискурсты зерттеуде өзіндік бағыттары бар Алайда дискурсты зерттеуде ең алдымен «абстрактілі тілдік жүйені емес, шынайы тілдесу кезіндегі шынайы тілді үйренуге» бет алысады (Сысоев, 2013: 90-97).

Дискурсивті анализ деп отырғанымыз – дискурсты үйренетін лингвистикалық бағыт. Дискурсивті анализ 20 ғасырларда пайда болған. Осы уақыттарда барлық тілдік көрініс дискурсивті аспектілерсіз толық әрі нақты көрсетіле алмайды деген ұғым пайда болған. Көбінесе имманенттілік лингвистика жауап бере алмайтын тілдік құрылымға көңіл аударылады (Гураль, Тихонова, 2013: 77-82).

С.К. Гураль дискурстың мағыналық мазмұнын анықтау үшін пропозиция, инференция, экспликатура, импликатура, референция, релеванттылық, пресуппозицияны дискурсивті анализ кезіндегі басты бағыт ретінде қарастырды.

«Дискурс» түсінігімен көптеген шетел және ресей мамандары айналысқан. Олардың қатарына Дебора Шифрин, Н.Д. Арутюнова, А.А. Кибрик, В.В. Красных, Ю.А. Прохоров, В.А. Богданов, М.Л. Макаров жатады. Осы ғалымдар дискурсты «тіл қызметінің процесі кезіндегі сөйлеу; сөйлеу жолы» және т.б. деп талдаған. Осы жұмысымда біз дискурстың классикалық анықтамасына жүгіне келе, «дискурс» деп нақты бір сөйлесу ортасында қолданылатын, экстралингвистикалық факторлар мен тілдік сөйлесу құралдарынан тұратын ауызша немесе жазбаша коммуникативті тексті айтамыз.

Жеке тұлғаның қозғалысы мен өзара әрекеттестігі ортаға байланысты болатындықтан, тілдесудің нақты қоғамдық ортасында институ-

ционалдық дискурс қолданылады. В.А. Карасик институционалдық дискурсты «нақты тілдесу ортасына сай құрылған вербалды тілдесудің үлгісі» деген оймен дамытты. Заманауи қоғамда әлеуметтік-рөлдік қарым-қатынас кезінде институционалдық дискурстың келесі түрлері қолданылады: саяси, экономикалық, дипломатиялық, педагогикалық, медициналық, заңды, лингвистикалық және т.б. (Макаров, 2003: 280). Мысалы, экономикалық дискурс мақсатына іскерлік хат алмасу, келіссөздер жүргізу, бизнес пландар құру, есептемелер жазу және т.б. Институционалдық дискурстың қатысушыларына қоғам өкілдері, «агент» пен «клиенттер» жатады.

Көбінесе экономикалық дискурс пен іскерлік дискурс бірдей болып есептеледі. Біздің ойымызша, экономикалық дискурстың ішіне іскерлік дискурс кіреді де кең мағына білдіреді. Экономикалық дискурс бизнес өкілдері, сыртқы сауда байланыстарындағы іскерлік серіктестер, мемлекетаралық келіссөздер мен экономикалық форумдарда сөз сөйлеуден бөлек өндіріс, қаржы қызметтері (Банк), тауарлар мен қызметтерді қолдану, алмастыру кезіндегі тілдесудің барлық жүйесі кіреді. Экономикалық дискурс қатысушыларына тек экономика бағытындағы өкілдер ғана емес, сонымен қатар журналистер, саяси қызметкерлер де жатады. Осымен экономикалық дискурстың беделдігі көрінеді.

Институционалдық дискурстың төрт түрі кездеседі: конститутивтілік, институционалдық, өзгешелік, бейтараптылық.

Конститутивтілікке қатысушылар, шарттар, ұйымдар, тәсілдер мен тілдесу материалы жатады. Институционалдық белгілерге «агент» пен «клиент», сонымен қатар тілдік клише жатады. Институционалдық дискурстың өзгешелігі оның нақты қоғамдық институтымен камтамасыз етіледі, сонымен қатар қатысушылардың тапсырылған қызметтері мен олардың тәрбиелік ережелері мен мәдениет дәрежесімен, білім-ғылымымен байланысты. Бейтарап белгілері деп отырғанымыз ортақ дискурсивті сипаттамалар, кез келген тілдесуге ортақ болып табылатын, нақты институционалдық қана емес, басқа да дискурс белгілері бар болып табылатын белгісі (Кибрик, 2003: 90).

Жоғарыда айтылып кеткен белгілерді экономикалық дискурстағы ҚХР ел басшысы Си Цзиньпиннің Боао Азия форумында 2015 ж. айтылған сәлемдесу сөздерінен тапсақ болады:

女士们，先生们，朋友们！

我国和东盟国家将携手建设更加紧密的中国-东盟命运共同体东盟和中国，日本，韩国

致力于2020年建成东亚经济共同体。我们要积极构建亚洲自由贸易网络，争取在2015年完成中国-东盟自由贸易区升级谈判和区域全面经济伙伴关系协定谈判。在推进亚洲经济一体化的同时，我们要坚持开放的区域主义，协调推进包括亚太经合组织在内的跨区域合作。

。。。中国经济发展进入新常态，正从高速增长转向中高速增长，从规模速度型粗放增长转向质量效率型集约增长，从要素投资驱动转向创新驱动。2014年，中国经济实现了7.4%的增长，劳动生产率提高了7%，单位国内生产总值能耗下降了4.8%，国内生产总值，服务业务发展加快，发展质量和效益不断提高。我们看中国经济，不能只看增长率，中国经济体量不断增大，现在增长7%左右的经济增量已相当可观，聚集的功能是过去两位数的增长都达不到的。。。

。。。最后，预祝年会取得圆满成功！谢谢大家！（<http://world.people.com.cn/n/2015/0328/c157278-26764252.html>）

Бұл мәтіндегі конститутивтілік белгісі ретінде, ең алдымен коммуникация қатысушылары жатады: ел басшысы, халықаралық ұйымдар басшылары, министрлер, үкімет басшылары, Форум директорларының кеңесі, тілшілер жатады. Біздің ойымызша, осы сөз сөйлеудің мақсаты болып форумға «дұрыс тон» беріп, Азияның экономикалық құрылымын реттеу мен дамыту үлгілерін дамыту маңыздылығы жөнінде пікірталас ашу, сонымен қатар Азияның әлемдік экономика дамуындағы алатын рөлін анықтап, әсіресе болып жатқан дағдарыс кезінде 2014 жылғы қорытынды бойынша Қытай экономикалық жағдайын айту болып табылады. Институционалдық белгісіне «клиент» пен «агент» сипаттамасында көрінеді. Талқыланып жатқан мәселе жайында айтып жатқан «агент» ретінде ҚХР ел басшысы болып табылады:

我们要积极构建亚洲自由贸易网络，争取在2015年完成中国-东盟自由贸易区升级谈判和区域全面经济伙伴关系协定谈判。在推进亚洲经济一体化的同时，我们要坚持开放的区域主义，协调推进包括亚太经合组织在内的跨区域合作。

Біздің қалайтынымыз Азияда еркін сауда желісін белсенді қалап, 2015 жылға қарай Қытай-АСЕАН еркін сауда аймағын дамыту мен жан-жақты экономикалық серіктестікке қол жеткізуді аяқтағымыз келіп отыр. Азиядағы экономика интеграциясын дамыту мақсатында, біз сонымен қатар ашық аймақшылдықты сақтап, аймақ аралық серіктестікті, сонымен қатар АТЭС-ті дамытуымыз керек.

Осы іскерлік мәтіннің өзгешелігі оның түрлілігімен көрінеді: ол іскерлік экономикалық

дискурс. Осы тұста кейбір лексикалық ерекшеліктерін айта кеткен жөн, оларға төмендегідей терминдерді жатқызуға болады: 经济共同体 – экономикалық серіктестік, 贸易网络 – сауда желісі, 自由贸易区 – еркін сауда аймағы, 经济伙伴 – экономикалық серіктестік, 经济一体化 – экономикалық интеграция, 亚太经合组织 – АТЭС (Азия – Тынық мұхит экономикалық серіктестігі), 跨区域合作 – аймақаралық серіктестік, 粗放增长 – экстенсивті өсім, 劳动生产率 – еңбек өнімділігі, 增长率 – өсу қарқындылығы.

Бейтараптық белгілері болып мәтінде кездесетін тілдік клишенің қолданылуы. Мысалы, Си Цзиньпиннің Қытай елінде кез келген мәдениетті сәлемдесуіне сай үндеуі жатады (女士们, 先生们, 朋友们 – Ханымдар мен мырзалар, достар) және (谢谢大家 – Назарларыңызға рахмет) секілді үндеуімен аяқталады.

Қытай тіліндегі ресми-іскерлік мәтіндерді қазақ тіліне аударуда кездесетін қиындықтар

Ресми-іскерлік мәтіндерде өзіне тән лексикалық, стилистикалық, синтаксистік ерекшеліктерге ие. Оларға арнайы лексикалық тілдік формулалар мен терминдерді қолдану тән. Экономикалық мәтіндерге экономикалық, банктік, қаржылық, саяси және басқа да терминдер жатады (Щичко, 2004: 368).

Қытай тілінің экономикалық дискурсында терминологиялық лексика маңызды орын алады, өйткені термин арқылы берілетін ақпарат басқа лексикалық бірліктерден гөрі кеңірек. Термин деп белгілі бір ғылым не техника саласындағы мамандар қолданатын арнайы объект не түсінікті білдіретін сөздер не сөз тіркесі (Комиссаров В.Н., 1990: 253). Экономикалық дискурс мәтіндерін аударудағы ең басты қиындық аударма кезіндегі түсініктер әрқашан бірдей болып келмейді. Қытай тіліндегі экономикалық дискурсты түсініп, терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару үшін қытай тілінің түсіндірме сөздігіне және олардың қытай аудармашыларымен аударылған орыс, қазақ не ағылшын тілі аудармаларын қарау қажет (Щичко, Яковлев, 2012: 368).

Мәселен, 流动性 “өтімділік” термин қарастыратын болсақ, бұл сөзді табу үшін алдымен, ағылшын тіліндегі баламаға жүгіну керек болды. Ағылшын тіліне аударғанда ең алғашқы баламасы “liquidity” – сұйықтық. Сонымен қатар осы баламаға экономикада “өтімділік”, “ликвидный” секілді терминдер қолданыла бастады, яғни: тез әрі шығынсыз қолма-қол ақшаға айнала алатын қабілеттілік (Федоров, 1992: 239). Бұл терминді қытай тілінен аудару барысында кез

десетін қиындық, осы терминнің сөзбе-сөз аудармасы – мобильділік, қозғалыс. Сондықтан біз «liquidity» мағынасын білдіретін ағылшын тіліндегі баламасына жүгіндік.

Бұл терминге ұқсас басқа да терминдер кездесуі мүмкін, мысалы: 边际 «маржинальный, маржиналдық» («marginal»), 保增长 «устойчивый экономический рост, тұрақты экономикалық өсім» («sustain economic growth»), 现金流 «денежный поток, ақша ағымы» («cashflow»), 套期保值 «хеджирование, сақтандыру» («hedging»), 配额 «квота, үлес» («quota») және т.б. (Сәмитұлы, 2005: 162).

Екі немесе одан да көп сөздерден тұратын экономикалық терминдер аударғанда көптеген қиындықтарды туғызады, сол үшін аударма түсініксіз болған жағдайда қытай тілінің түсіндірме сөздігіне жүгіну қажет. Мысалы, 次级贷款 – субстандартты несие (субстандартный кредит), біз осы терминді аудару үшін Шэнь Цзенің “Экономикалық терминдерге деген қысқаша түсіндірме” атты сөздігіне жүгіндік. Түсіндірме сөздікте берілген терминге деген анықтама осылайша: Несие беретін ұйым несие тарихы жағымсыз не төмен табысты қарыз алушыға несие ұсыну (指一些贷款机构向信用程度较差和收入不高的贷款人提供的贷款). Түсіндірмеде сонымен қатар осы терминге синонимдер де берілген 次级抵押贷款或按揭贷款 (沈杰, 2009: 47).

Экономикалық мәтіндерді аударудағы тағы бір ерекшелік – стилистикалық құрылымы. Қытай тіліндегі сөйлем құрылымы қатты әрі тұрақты болып келеді, сондықтан аударма барысында сөз орындары ауысуы мүмкін. Мысалы:

谈到中哈两国关系在经贸领域的务实合作, 李辉说, 今年来, 中哈经贸合作在互利互惠精神指导下不断迈上新台阶, 各方面合作均取得丰硕成果。

Қытай мен Қазақстан арасындағы іскерлік серіктестігі жөнінде айта келе, Ли Хуэй, соңғы уақытта Қытай-Қазақстан өзара тиімді және екі жақ қарым-қатынасының дамуын сипаттайтын сауда-экономикалық серіктестігінің дәрежесі үздіксіз жоғарылап келе жатқанын атап өтті.

Бұл мәтіннің қытай тілінде тұрақты ереже бойынша құрылған: бастауыш – баяндауыш – толықтауыш. Ал қазақ тіліне аударылған кезде сөйлемдегі сөздер орны мүлдем ауысып кеткенін байқаймыз.

Келесі Банк ішкі құжаттары жөніндегі келесі мәтінге назар аударайық:

内部文件草案包 – 业务方法专家所从事的内部文件草案的总合, 自业务方法专家收到该内部文件草案之刻起直至该内部文件草案通过审

批或作出有关停止针对该草案的相关工作的决议之刻为止, 该内部文件草案被视为置于在内部草案包之中。

Ішкі нормативтік құжаттар портфелі – әдіскердің жұмыс жасайтын ішкі нормативтік құжаттар жобасы. Ішкі нормативтік құжаттар жобасы қабылдап алынған күннен бастап бекіту не осы жоба бойынша жұмыс тоқтату деген шешім қабылдағанға дейін Ішкі нормативтік құжаттар портфелі құрамында деп есептеледі.

Бұл мәтін арнайы Банк ішіндегі құжат болып саналады. Сол себепті тек Банктерге ғана тән арнайы терминдер кездеседі. Мысалы, 内部文件 тікелей аудармасы – ішкі құжаттар. Ал егер Банк терминдерімен салыстырып аударатын болсақ, бұл сөз Ішкі нормативтік құжаттар болып аударылады. 业务方法专家 – экономикалық термин болып табылады, егер иероглифтерге бөліп аударатын болсақ, 业务 – операция, 方法 – әдіс-тәсіл, 专家 – маман. Аударма кезінде қиындық та дәл осында жатыр, егер де иероглифтерді дұрыс ажырата білмесек, онда 业务方法专家 – әдіскер деген аударманы мүлдем басқаша аударар едік. 该内部文件-дегі 该(бұл) термині көптеген ресми-іскерлік, экономикалық мәтіндерде көп кез-

деседі. 被视为 сөзі қазақ тілінде деп есептеледі деген мағынада. Қытай тілінде, көбінесе сөйлем ортасында кездеседі.

Банк қызметінде Ішкі нормативтік құжаттарға төмендегідей құжаттар жатады: 1) 政策 – политика, саясат; 2) 细则 – инструкция, нұсқаулық; 3) 办法 – правила, ереже; 4) 规程 – порядок, тәртіп; 5) 章程 – положение, қағида; 6) 标准 – стандарты, стандарт; 7) 程序 – процедура, рәсім; 8) 准则 – кодекс. (Тарақов, 2007: 60-65)

Экономикалық мәтіндер стилі – күрделі әрі сан қырлы. Айта кететін жайт, іскерлік экономикалық дискурс – көптеген саладағы (сауда, бизнес, басқару, қызмет көрсету т.б.) мамандардың қолданатын, сондай-ақ оның біріктері бір-бірін толықтыра, алмастыра алатын “тіл асты” жүйесі. Қарым-қатынастың нақты бір жағдайына байланысты серіктестер кем дегенде ерекше лексикалық жиынтықты, ал көп дегенде әртүрлі тілдік стратегияларды қолданулары мүмкін (Кадимова, 2013: 51-61). Экономикалық дискурстың әр түрі өзіндік коммуникативтік өзгешеліктерге ие болса да, олардың барлығы ақпарат жеткізу, белгілі бір білім саласында мәселені шешуге деген ортақ мақсатпен ұштасады.

Экономикалық дискурс мәтіндерін қытай тілінен қазақ тіліне аудару ерекшеліктері

Ерекшелігі	Сипаттамасы	Аударма барысында кездесетін негізгі қиындықтар
Лексикалық	Қаржы, банк және басқа да терминдер, арнайы лексикамен клише жиынтығынан тұратын экономикалық лексика	Құжаттардың жаңа терминдерге толы болып, қазақ тілінде мүлде баламасының болмауы; Қытай елінде терминдердің қолданудағы ерекшеліктері мен айырмашылықтарын түсіну және қабылдау; екі немесе одан да көп сөздерден тұратын терминдер және олардың құрамдас бөліктерінің жиі қолданылып, сөз тіркестерді аудару кезінде әкелетін қиындықтар
Стилистикалық	Сөйлесу аймағына байланысты мәтіннің стилистикалық бояуы, түрлі тілдік стратегиялар (айтушының тілдесу процесіне деген қызығушылығы, эмоционалды бояудың жоғары дәрежесі, салыстыру, эпитет, сан есімдер, бұйрықты және лепті сөйлемдер мен чэньюйдің қолданылуы)	Аударманың экспрессивті-стилистикалық түрін таңдауға деген қажеттілік, түпнұсқаға деген адалдылық. Чэньюйдің тікелей не жанама мағынадағы түрін нақты анықтау, оларды мәтінде белгілеп, мағынасын еш өзгертусіз толық жеткізу
Синтаксистік	Қытай тілі сөйлеміндегі сөз құрылысының тұрақты орны, аударма барысында ақпарат бөліктерінің орындары ауысуы. Экспрессивті және мәнерлі мәтіндерде үлкен көлемде анықтаушы тіркестердің қолданылуы	Қазақ тілінде сөйлейтіндерге аударма барысында кездесетін қиындықтардың бірі – қытай тіліндегі сөйлем мүшелерінің тұрақты қатып қалған орны: бастауыш – баяндауыш – толықтауыш. Қытай тілінде сөйлем мүшелерінің тәртібі бойынша баяндауыш бастауыштың алдына секіріп тұра алмайды, ал толықтауыш болса тек баяндауыштың артында ғана қолданылады. Ал егер сөйлемге анықтауыш қосылатын болса, онда қытай сөйлемі мүлдем күрделене түседі. Осындай қиындықтар аударма барысында көптеген қателіктер мен түсініспеушіліктерге әкеліп соқтырады.

Экономикалық дискурстың жанр ерекшелігін үйрену арқылы, қытай тілінен қазақ тіліне аударылатын іскерлік, экономикалық мәтіндерді түсінуге арналған көрнекті білім, икем құрылады. Ал экономикалық дискурстың мәтіндеріне сараптама жасау арқылы белгілі бір қарым-қатынас жағдайында кездесетін олардың ерекше құрылысын, қасиеттерін көруге мүмкіндік береді. Институционалды экономикалық дискурс бөлек алынған топтың ішінде (мысалы, кәсіпорын), я болмаса бір мемлекет не бірнеше мемлекет ішінде болатын экономикалық қарым-қатынас аймағында болатын экономикалық ақиқатты түсінуге мүмкіндік береді (Васильева, 2003:128).

Қытай тілінде экономикалық мәтіндердің тағы да бір ерекшелігі қытай тіліне ғана тән тұрақты тіркестер-чэньюйдің 成语 қолдануы. Чэньюй бірнеше ғасырлардан бері құрылып келе жатқан фразиологиялық айналым. Алайда қазіргі таңда чэньюйлардың құрылымы аяқталмағандықтан, жаңалары да пайда болып жатыр. Чэньюйді кеңінен қолдану арқылы ойымызды нақты әрі дұрыс білдіруімізге болады. Чэньюйді аударудың қиындығы – чэньюйдің ауыспалы мағынасында кездесуі. Іскерлік қатынаста жиі қолданылатын сөздерге жатады: 货真价实 – бағасына сай сапа, 实事求是 – нақты шындық осындай және т.б. (Қазыбек, 2004: 252).

Кестеде қытай тілінен қазақ тіліне экономикалық мәтіндерді аудару барысында нақты көңіл бөлетін мәселелер мен ерекшеліктер көрсе-

тілген. Экономикалық дискурстың бар болуына байланысты, экономикалық мәтіндерді аудару өзіндік ерекшеліктер мен өзгешеліктері бар екенін айқындаймыз.

Қорытынды

Экономикалық, ресми-іскерлік мәтіндерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару аударма ісінің қиын түрі болып табылады. Аударманы орындау үшін кем дегенде бір қатар шарттарды орындау қажет: шетел тілін меңгеру; белгілі бір аумақтағы шет тіл лексикасын (терминология) білу; екі тілдік сөздіктерді қолдана білу. Экономикалық мәтіндерді оқу және аудару қабілеттілігіне ие болу үшін аударылатын мәтінге сараптама жасап болған соң ғана қазақ тілінде рәсімдеу керек.

В.Ф. Щичко, Г.И. Яковлев (В.Ф. Щичко, Г.Ю. Яковлев, 2012: 368) жолын қуа келе айтатынымыз, аударма барысындағы ең қиын әрі күрделі саты – сараптама жасау. Өйткені, қытай тіліндегі иероглифтік мәтіндерде барлық лексикалық бірліктер – сөздер, сөз тіркесі, зат есімдер, көмекші сөздер – иероглифпен бір сатыда жазылады, көп қателіктер осы иероглифтерді дұрыс бөлмегендіктен болады. Біздің ойымызша, экономикалық, ресми-іскерлік тақырыптағы мәтіндерді аудару үшін, қытай тіліндегі экономикалық мәтіннің синтаксистік құрылым ерекшеліктеріне сай лексика, грамматикасын толық меңгеру үшін экономика саласындағы құжаттарды оқып үйрену қажет.

Әдебиеттер

- 1 Васильева М.А. (2013) Официально-деловой стиль китайского языка. – М.: КАРО.
- 2 Гураль С.К., Тихонова Е.В. (2013) Организация процесса обучения устному последовательному переводу в свете синергетической теории: Язык и культура.
- 3 Комиссаров В.Н. (1990) Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высш. шк.
- 4 Қазыбек Г.Қ. (2004) Аударматануға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті.
- 5 Сәмитұлы Ж. (2005) Аударма теориясы және практикасы. – Алматы: Қазақ университеті.
- 6 Сысоев П.В. (2013). Направления и перспективы информатизации языкового образования: Высшее образование в России.
- 7 Сысоев П.В. (2013) Вики-технология в обучении иностранному языку: Язык и культура.
- 8 Сысоев П.В. (2014) Подкасты в обучении иностранному языку: Язык и культура.
- 9 Тарақов Ә. (2007) Аударма әлемі. – Алматы: Қазақ университеті.
- 10 Щичко В.Ф. (2004) Китайский язык. Теория и практика перевода: учеб. пособие. – М.: Восток-Запад.
- 11 Щичко В.Ф., Яковлев Г.Ю. (2012) Китайский язык. Полный курс перевода: учеб. – М.: Восточная книга.
- 12 中国新闻网. 博鳌亚洲论坛开幕式习近平发表主旨演讲(全文). 中国新闻, 2015. URL:<http://world.people.com.cn/n/2015/0328/c157278-26764252.html>
- 13 URL: <https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=233&t=61200>

References

- 1 Vasil'eva M.A. (2013) Oficial'no-delovoi stil' kitaiskogo yazyka. M.:KARO [Official-business style of the Chinese language].
- 2 Gural' S.K., Tihonova E.V. (2013) Organizaciya processa obucheniya ustnomu posledovatel'nomu perevodu v svete synergeticheskoj teorii: Yazyk i kul'tura [The organization process of learning oral consecutive interpretation in the sphere of synergetic theory]

- 3 Komissarov V.N.(1990). Teoriya perevoda (lingvisticheskie aspekty). M.: Vysshaya shkola. [The theory of translation (linguistic aspects). M.: High School].
- 4 Kazybek G.K.(2004) Audarmatanuga kirispe. Almaty: Qazaq Universiteti [The introduction to the translation. Almaty: Kazakh University].
- 5 Samituly Zh.(2005) Audarma teoriyasy zhane praktikasy. – Almaty: Qazaq Universiteti [The translation theory and practice. Almaty: Kazakh University].
- 6 Sysoyev P.V. (2013) Napravleniya i perspektivi informatizatsii yazykovogo obrazovaniya// Viss'ee obrazovanie v Rossii [The direction and prospect of the language education information].
- 7 Sysoyev P.V. (2013) Vicky-technologiya v obuchenii inostrannomu yaziku// Yazyk i kul'tura [Vicky-technology in the learning of foreign language].
- 8 Sysoyev P.V. (2014) Podkasty v obuchenii inostrannomu yaziku// Yazyk i kul'tura [The podcasts in the learning of foreign language].
- 9 Tarakov A. (2007) Audarma alemi.-Almaty alemi.-Almaty: Qazaq Universiteti [The world of translation Almaty: Kazakh University].
- 10 Schichko V.F.(2004) Kitayskii yazyk. Teoriya i praktika perevoda: ucheb.posobie.M.: Vostok-Zapad [The Chinese language. The translation theory and practice: manual.M.: East-West].
- 11 Schichko V.F., Yakovlev G.U.(2012) Kitaiskii yazyk. Polnyi kurs perevoda: ucheb.M.: Vostochnaya kniga [The Chinese language. The full course of translation: M.: East book].